

Б.С. ИМАНФАЗИЕВА, Н.А. ХОХАНБАЕВА, А.М. ЖҰБАТОВА

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР, ОЛАРДЫ ӨСІРУ ЖОЛДАРЫ

Елімізде XX-шы ғасырда барлық дәрі-дәрмектің 80%-зы дәрілік өсімдіктерден алынатын, бірақ кейінде синтетикалық, антибиотикалық және гормональды дәрілер оларды ығыстыра бастады. Дамыған елдерде синтетикалық дәрі шығаратын ғылымның техникалық жетістіктеріне қарамастан, бүгінде ғылыми денсаулық сақтау жүйесінде өсімдіктен алынған дәрілер өз орын алып келеді, ал кейбір түрлерінің ара қатынасы тұрақты қалыптасқан деп те айтуға болады. Әсіресе, жүрек-қан тамыры (77%), өт жолдарын тазартатын және қақырық шығаратын (70%) дәрілердің шығу тегі өсімдіктер болып саналады.

Жалпы АҚШ-та антибиотикалық және гормональды дәрілер қолданылады, соған қарамастан пайдалануға жазылған рецептерде шамамен 25,2% өсімдік текті дәрілері кездеседі.

Өсімдіктен алынған дәрілердің химиялық құрамы, шыққан табиғи ортасы адам организміне жақындау және сіңімді болған. Адам ұзақ эволюциялық дамуы кезінде-ақ дәрілік өсімдіктерді қабылдауға үйренген, өмір тіршілігіне олар жақсы араласып, денеге женіл сіңіп, адам организміне ешқандай қарсы реакция бермейді, адам «дәрі ауруы» тәуелдігіне ұшырамайды, аллергиялық құбылыс және басқа жағдайлар болмайды.

Дәрілік өсімдіктерді кең қолданылатын мемлекеттерге Германия, Франция, Польша, Чехословакия және Прибалтика ал жалпы халық арасында көп қолданатындарға - Үндістан, Пакистан, Шри-Ланка, Бирма, Үндіқытай, Мали және Танзания жатады.

Бұрынғы Кеңестер Одағында өсімдіктен алынатын дәрілік шикізаттар РСФСР, Белоруссия, Грузия, Қазақстанда, Қырғызстанда, Литва, Латвия, Эстония, Молдавия елдерінде дайындалған. Барлық жиналған дәрілік өсімдік шикізаттарының 90% РСФСР, Украина, Қазақстан үлесіне тиеді.

Осы жағдайларды ескере отырып, Қазақтың ғылыми зерттеу егіншілік институтында дәрілік өсімдіктерді мәдени егістікке енгізу, өсіру технологиясын жасау және зерттеп, егіс көлемін көбейтіп өндіріс жағдайында өсіру, жаңа сорттарын шығарып, тұқым шаруашылығын жолға қою, жинау, кептіру және өндеу, сақтау мәселелерін зерттеп, жұмыстарды қолға ала бастады.

Дәрілік өсімдіктермен ғылыми жұмыстар Алатау бектеріндегі тұрақты, экологиялық таза, фитостансаларда жргізілді. Ол 6 танапты ауыспалы егістен және үш питомникten тұрады. Интродукция питомнігінде 360 дәрілік өсімдіктер өсіріліп, олар жан-жақты зерттеліп, егістікке енгізілетін түрлері анықталды. Сонын нәтижесінде дәрілік өсімдіктердің 60-түрі келесі питомникке ауыстырылып, өсіру технологиясы зерттелді. Селекциялық питомнике іріктеу және сұрыптау жұмыстарының нәтижесінде дәрілік өсімдіктердің жаңа сорттары шығарылуда. Дәрілік өсімдіктердің ішінде тұқымымен көбейтіндерінің жемісі және тұқымы жиналуда.

Көпшілік дәрілік өсімдіктер ассортименттерінің өсіруге Іле Алатауының тау бектері өте қолайлы деп есептейміз. Бұл өнірде экологиялық таза фитошикізаттарын өндіруге және дәрілік өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін қалпына келтіру мақсатында қорықтармен питомниктер және таза экофермалар құру қажет. Дәрілік өсімдіктерге тікелей гербицидтер шашуға болмайды, тек кана ауыспалы егістегі алғы өсімдіктер арам шебіне қолданады.

Комплексті агротехникалық жүйелер қолдану жағдайда дәрілік өсімдіктердің өнімі жоғары және тұрақты болады. Сонымен қатар ауылшаруашылық машиналарын дұрыс таңдалап, қолдану көп қол күшін азайтып, өзіндік құнын төмендетеді. Әсіресе, себу, отырғызу, күтіп балтау, машинамен жинау, кептіру, тамыр жуу жән дәрілік өсімдіктер тұқымын тазарту.

Қалыптасқан 6 танапты ауыспалы егістегі ротацияны бұзбай, егістікке орналастырғанда дәрілік өсімдіктердің тіршілік ұзақтығын ескерген жөн. Көпжылдық түрлеріне ерекше көніл бөлу қажет, ал бұта және бұташық түріне ауыспалы егістен тыс орын бөлінеді.

Көпшілік егіске енгізілген дәрілік өсімдіктер тұқымымен көбейеді. Сонын ішінде тамыр сабакты бұрыш жалбызы, вегетативті жолмен, тамыр сабак кесіндісімен немесе көшетпен көбейеді. Көпшілік дәрілік өсімдіктерді қолмен өсірудің агротехникалық әдістері 1-кестеде берілген.

1-кесте. Дәрілік өсімдіктерді өсіру технологиясы.

Дәрілік өсімдік аты	Тұқым себү нормасы-кг, цент	Тұқым себү мерзімі	Тұқым себү тереңдігі, см	Қанша жиналады рет	Түсім көлемі 1 га дан центнер
Дәрі түймедагы(ромашка)	2-3	күз көктем	0,5	3-4	11,2
Бұрыш жалбызы	8п/2а тамыр	көктем	3-5	2	14,6
Дәрі мелисса	8-10п/7а	көктем	2-3	2	30,6
Дәрі календула	0,8	көктем	2-3	20,0	12,5
Дәрі валериана	0,2	қыс алдында көктем	1-1,5	1рет (тамыр)	10,3

Суыққа төзімді өсімдіктердің ең қолайлы тұқым себү мерзімі аныкталды, ол қыс алдында (қараша мен желтоқсан айының бірінші жартысы) тұн сұғыры -4 -6 °C болғанда. Ерте көктемде себү мерзімі-сәуірдің басы. Дәрілік түймедақ қыркүйек айында күздік жағдайда себілсе жақсы тамырланып, қыстап, көктемде тез жетіліп, ерте жиналады.

Биік сабакты өсімдіктерді, мысалы, мыңжапырақты қыс алдында, катар аралығы 90 см етіп тұқымды жер бетіне тастап дөнбектейді.

Соңғы бес жыл ішінде: дәрі түймедақтың, дәрі валериананың, дәрі шалфейдің, бұрыш жалбыздың, дәрі мелиссаның, дәрі календуланың, үлкен андыздың, шілтер жапырақ шайшөптің, кәдімгі сасықшөптің, кәдімгі түймешетенниң, кәдімгі мыңжапырақтың және күнгірт әхинацеяның мол өнімді формалары іріктең алынған. Олардың өндірістік өсіру технологиясы Алматы облысы, Қарасай ауданы Қазақтың ғылыми зерттеу егіншілік институтының фито алаңында, Қошмамбет және Улан ауылының жерлерінде тексерілген.

Жалпы ғылыми зерттеулер жұмысы барысында жылына 12,5-13,0 тонна агрошикізаты өндірілген.

Дәрілік өсімдіктерің келешегі біздің елде өте зор, өйткені, олар ең рентабельді дақыл, 1тонна фитошикізат құны 1600-1800 АҚШ долларымен болса, ал бидайдың 1 тоннасының 60-100 АҚШдоллары. Тағы бір ескерстің жағдай, дәрілік сермене мен бұрыш жалбызы гектарынан 4,5-5 тонна құрғақ шикізат беретіндігінде.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Доброхотова К.В., Чудинов В.В. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері – Алматы, 1963
- 2 Герман Э. В. Растение и наше здоровье – Алма – Ата, Кайнар, 1987
- 3 Кекенов М. К, Өдекенов С. М. т. б Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және ондардың даңылуы. Алматы «Ғылым» баспасы, 1998
- 4 Қожабеков М, Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер – Алматы, «Қазақстан», 1982
- 5 Іскендеров Ә. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері – Алматы «Қазақстан», 1982
- 6 Имангазиев Б.С, Байракимов С.И. Дәрілік өсімдіктер, оларды пайдалану жолдары – Защита растений – 1999 – № 4 – 23 – 25 стр.
- 7 Байракимов С.И. Денгельбаева К.А, Имангазиева Б.С. Технология возделывания некоторых видов лекарственных растений в Алматинской области – Вестник сельскохозяйственных наук Казахстана – 2002 – №11 – 13- 14 стр.

Резюме

Лекарственные растения и способы выращивания
Имангазиева Б.С, Хоханбаева Н.А, Жубатова А.М

Созданы коллекции Созданы коллекции 360 видов с целью сохранения генофонда и выявления перспективных видов лекарственных растений. В питомнике размножения изучены 60 видов лекарственных растений - из них по 12 видам разработаны экологически чистые технологии выращивания лекарственных растений для получения фитосырья.

Summary

Medicinal plants and methods of cultivation

Imangazieva B.S, Hohanbaeva N.A, Zhubatova AM

Collection of 360 species in order to preserve the gene pool and to identify promising species of medicinal plants has been created. In breeding nursery were studied 60 species of medicinal plants-on 12 species were developed environmentally friendly technologies of cultivation medicinal plants for getting phyto-raw material.

29.04.2013 ж. тусти